

of the Republic of Kazakhstan on the development of domestic education and science]. Available at: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/novye-podhody-k-obucheniyu-i-podderzhka-molodyh-talantov-mon-rk-razviti-otechestvennogo-obrazovaniya-i-nauki-9102812/>. – 2020 (date of implementation 12.09.2023).

9. Otchet o deyatel'nosti AO «Nacional'nyj centr povysheniya kvalifikacii Ėrleu» za 2021 god [Otchet o deyatel'nosti AO "Nacional'nyj centr povysheniya kvalifikacii Ėrleu" za 2021 god]. – Nur-Sultan, 2021. – 42 p. (In Russian).

10. Hasenova M.T. Metodicheskie osnovy realizacii kejs-metoda v processe obucheniya himii kak sredstva povysheniya estestvennonauchnoj gramotnosti uchashchihsya obshcheobrazovatel'nyh uchrezhdenij (na primere Pavlodarskoj oblasti, Respubliki Kazahstan) : dis... kand. ped. nauk : zashchishchena 13.00.02 [Methodological foundations for the implementation of the case method in the process of teaching chemistry as a means of improving the natural science literacy of students of general education institutions (on the example of the Pavlodar region, the Republic of Kazakhstan) : dis... Candidate of Pedagogical Sciences : defended 13.00.02 – Tajik State Pedagogical University named after S. Aini, Dushanbe] – Tadjikskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet im. S. Ajni, Dushanbe, 2021–173 p. (In Russian).

11. Okslej K Nauchnye opyty dlya detej [Scientific experiments for children] [Text] : [dlya mladshego i srednego shkol'nogo vozrasta][ for primary and secondary school age] / Kris Okslej ; [per. s angl. A. O. Kovalevoj]. – Moskva : Eksmo, 2013. – 95 p. (In Russian).

12. Vahromeeva O.B. Himiya i himiki na Bestuzhevskih kursah [Chemistry and chemists at Bestuzhev courses] [Text] / O. B. Vahromeeva. – Sankt-Peterburg : Art-Ekspress, 2017. – 119 p. (In Russian).

13. Rocha H.H.X., Dantas D.de S., Farias, R.F. Contextualization and interdisciplinarity in chemistry teaching in Brazil: After two decades, everybody knows but nobody understands // African Journal of Chemical Education. – 2017. T. 7. №. – 1. P.– 31-36.

14. Bandaev S.G., Hasenova M.T. Rol' kejs-tehnologii v formirovanii himicheskoj gramotnosti uchashchihsya [The role of case technology in the formation of chemical literacy of students] [Text] // Vestnik pedagogicheskogo universiteta. – 2018. – T. 5. – №. 1. – P. 8–12. (In Russian).

ГТАМР 14.29.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.035>

Ш.А.Балгимбеков,<sup>1\*</sup>  К.Е.Күшназарова,<sup>2</sup>  Р.Б.Қадырбеков,<sup>1</sup>  Ж.Т.Әмитова<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Ә.Бейсеуов атындағы орта мектебі, Алматы облысы, Қазақстан

## ЕСТУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙІМДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала есту қабілетін жоғалтқан балалар үшін мамандырылған түзету мектеп-интернатындағы бейімдік дене шынықтырудың педагогикалық-ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеп, жинақталған оң тәжірибені теориялық-әдістемелік тұрғыдан негіздеуге арналған. Қазіргі уақытта Қазақстанда есту қабілеті бұзылған 5000-нан астам мүгедек бала тіркелген және республика бойынша осы санаттағы балаларға арналған мамандырылған 24 мектеп жұмыс істейді. Есту қабілеті жоғалған балалардың 62%-да денелік дамудың дисгармониясы, 43%-да тірек-қимыл аппаратының бұзылулары, 60%-да вестибулярлық талдағыш қызметінің жеткіліксіздігі анықталады. Баланың кеңістікті бағдарлауы төмендеп, қозғалыс дағдыларын игеру бәсеңдейді, дене күшінің нашарлауы, секіруде артта қалу, қозғалыстардың төмен қарқыны, қимыл-қозғалысты еске сақтаудың әлсіздігі байқалады. Зерттеу жұмыстары орындалған есту қабілетін жоғалтқан оқушы балалар тәрбиеленетін Алматы қаласындағы №1 мектеп-интернатындағы оқу-тәрбие үрдісі жастарға орта білім берумен қатар, мүгедек жандардың денсаулығын сақтауға және жақсартуға бағытталған педагогикалық, медициналық және қалпына келтіру кешені ретінде ұйымдастырылып, заманауи дене мәдениеті мен сауықтыру шараларын жүзеге асыруға қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген. Авторлар бейімдік дене шынықтыру пәні бойынша жаңартылған мазмұнды білім беру бағдарламасын сараптап, есту қабілетінің бұзылыстары бар оқушылармен жүргізілетін дене тәрбиесі сабақтарында тыныс алу гимнастикасы, вестибулярлық жаттығулар, координациялық қабілеттерді дамытуға бағытталған жаттығулар мен ырғақтық-иілімділік жаттығулар кешенін пайдалануға ұсынады.

**Түйін сөздер:** бейімдік дене шынықтыру, балалар, есту бұзылыстары, даму ерекшеліктері, қозғалыс дағдылары, түзету, дене жаттығулары.

Балгимбеков Ш.А.,<sup>1\*</sup> Кушназарова К.Е.,<sup>2</sup> Кадырбеков Р.Б.,<sup>1</sup> Амитова Ж.Т.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Средняя школа имени А.Бейсеуова, Алматинская область, Казахстан

## ПЕДАГОГИКО-ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ ОСОБЕННОСТИ АДАПТИВНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА

### Аннотация

Статья посвящена изучению педагогико-организационных особенностей адаптивной физической культуры в условиях специальной (коррекционной) школы-интерната для детей с нарушениями слуха, а также теоретико-методическому обоснованию накопленного положительного практического опыта. В настоящее время в Казахстане состоят на учете более 5000 детей с потерей слуха и по республике функционируют 24 специализированной школы для обучения и воспитания детей данной категории. У 62% детей с потерей слуха выявляются дисгармония в физическом развитии, 43% имеют различные нарушения опорно-двигательного аппарата, 60% – недостаточность функции вестибулярного анализатора. Для детей с тугоухостью характерны снижение пространственной ориентации, замедление усвояемости двигательных навыков, уменьшение физической силы, отставание в прыжках, низкая двигательная активность и слабость двигательной памяти. Результаты изучения показали, что в специальной (коррекционной) школе-интернате наряду с получением среднего образования детьми с нарушениями слуха, создана целостная педагогико-медицинская и реабилитационная система, обеспечена необходимая инфраструктура для занятий адаптивной физической культурой. Авторы провели анализ обновленной программы образования дисциплины адаптивной физкультуры и предложили комплекс упражнений, состоящий из дыхательной гимнастики, вестибулярной тренировки, развития координационных способностей и ритмико-пластических упражнений.

**Ключевые слова:** адаптивная физкультура, дети, нарушения слуха, особенности развития, двигательные навыки, коррекция, физические упражнения.

*Balgimbekov Sh.,\*<sup>1</sup> Kushnazarova K.,<sup>2</sup> Kadyrbekov R.,<sup>1</sup> Amitova Zh.<sup>1</sup>*

## PEDAGOGICAL AND ORGANIZATIONAL FEATURES OF ADAPTIVE PHYSICAL EDUCATION FOR CHILDREN WITH HEARING IMPAIRMENTS

### Abstract

This article is dedicated to the study of pedagogical and organizational features of adaptive physical education in the conditions of a special (corrective) boarding school for children with hearing impairments. It also provides a theoretical and methodical justification for the accumulated positive practical experience. Currently, in Kazakhstan, more than 5000 children with hearing loss are registered, and there are 24 specialized schools across the republic for the education and upbringing of children in this category. Among children with hearing loss, 62% exhibit disharmony in physical development, 43% have various musculoskeletal disorders, and 60% experience vestibular analyzer insufficiency. Children with mild hearing loss typically show a decrease in spatial orientation, slowed motor skill acquisition, reduced physical strength, lagging in jumping abilities, low motor activity, and weak motor memory. The study results indicate that in the special (corrective) boarding school, along with receiving basic education, a comprehensive pedagogical-medical and rehabilitation system has been established for children with hearing impairments. The necessary infrastructure for adaptive physical education is provided. The authors analyzed the updated curriculum of the adaptive physical education discipline and proposed a set of exercises, including respiratory gymnastics, vestibular training, development of coordination abilities, and rhythmic-plastic exercises.

**Keywords:** adaptive physical education, children, hearing impairments, developmental characteristics, motor skills, correction, physical exercises.

**Кіріспе.** Соңғы жылдары ел тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы халықтың өмір сүру жағдайының бағалы сипаттамасы ретінде танылып, адамдардың денсаулығы мен рухани дамуына оң әсерін тигізетін әлеуметтік саладағы мемлекет саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Осымен қатар біздің елімізде денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі жандардың дене мәдениетінің негізі болып табылатын – бейімдік дене шынықтыру мен спортты дамытуға да кейінгі кезде ерекше көңіл бөліне бастады. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы №228-V Заңында денсаулығына байланысты мүгедек жандарды дене тәрбиесінің жатты-

ғуларына және спортқа тарту механизмдері анықталған[1]. Аталған Заңның «Бейімдік дене шынықтыру мен спорт, денені сауықтыру және әлеуметтік бейімделу» атты 19-шы бабына сай мүгедектердің дене тәрбиесі және спорт жаттығуларын ұйымдастыру, әдістемелік, медициналық қамтамасыз ету және т.б. іс-шараларды жүзеге асыру дене тәрбиесі және спорт органдарына жүктеледі.

Бейімдік дене шынықтыру денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар үшін аса маңызды, себебі арнайы дене жаттығуларымен және спорт түрлерімен айналысу жас ағзаның жан-жақты дамып, мүгедек баланың әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне септігі мол әдістері мен жолдарының жиынтығы болып табылады[2]. Баланың бейімдік дене шынықтырумен және спортпен айналысуы барысында өскелең организмнің денелік-психикалық қасиеттері жасына сай дамып, толыққанды тұлға ретінде қалыптасу мүмкіндіктері жоғарылайды, оның бойында арнайы білім жүйесі мен болашақ мамандығына қажетті қимыл-қозғалыс дағдылары қалыптасады[3,4]. Бұл саладағы белгілі ғалымдар Kohl H.W., Craig C.L., Lambert E.V. және әріптестері дене шынықтыру мен спорттың пайдасы күнделікті өмір сүрудегі дағдыны игерумен қатар, қоғамдық ортада қатарлас құрдастарымен теңдей әлеуметтенуіне мүмкіндік беретінін атап өтеді[5].

Қазіргі кезде денсаулығына байланысты мүгедектіктің негізгі себептерінің бірі – адамның есту қабілетінің бұзылулары екендігі белгілі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымының бағалауы бойынша бүгінгі таңда әлемде 1,5 миллиардтан астам адам есту қабілетінен айырылған, ал 430 миллион ересек адам, 34 миллионнан астам балалар есту қабілетінің бұзылуы себебінен мүгедек болып отыр[6]. Ал, Қазақстанда қазіргі уақытта естімейтін және нашар еститін 150 мыңнан астам адам тұрады, оның 10 мыңы – Алматы қаласының тұрғындары [7]. Елімізде есту қабілеті бұзылған 5400-ге жуық мүгедек бала тіркелген және республика бойынша осы санаттағы балаларға арналған мамандырылған 24 мектеп жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Л.В.Нейман бойынша есту қабілетінен айырылу жіктелесі қолданылады: есту мүкістігінің 1 дәрежесі – 50 Дб-ден, 2 дәрежесі – 50-70 Дб-ден, 3 дәрежесі – 70-80 Дб-ден асады[8]. Ал «саңыраулық» диагнозы 75-80 Дб кезіндегі естудің жоғалуы анықталғанда қойылады. Бұл жағдайда бала сөзбен айтылмайтын, ысқырықпен, қоңырау немесе барабан соққанда шығатын дыбыстарды ғана қабылдауға қабілетті.

Балаларда есту функциясының нашарлауы мен жоғалуының себептері әр түрлі болып келеді. Жиі кездесетін себептерінің бірі – жүктілік немесе босану кезінде анасының науқасы және есту талдағышының дамуын бұзатын химиялық препараттарды қолдануы. Есту қабілетінің туа біткен бұзылулары немесе отбасылық тұқым қуалайтын түрлері де кездеседі. Туылған соң есту қабілетінен айырылу ортаңғы құлақтың қабынуы – отитпен, менингит, тұмау, қызылша, т.б. жұқпалы дерттермен ауырса, әр түрлі дәрілік және химиялық заттармен уланумен байланысты болуы мүмкін.

Есту қабілеті баланың денелік және психикалық дамуында ерекше орын алады. Есту қабілеті жоғалған балалардың 62%-да физикалық дамудың дисгармониясы, 43%-да тірек-қимыл аппаратының бұзылулары (сколиоз, майтабандылық) анықталады. Саңырау адамдардың 60%-да вестибулярлық аппараттың жетімсіздігі дамиды. Бұл статикалық және тепе-теңдікті сақтауға теріс әсерін тигізеді, нәтежиесінде қимылдардың үйлесімсіздігі мен сенімсіздігі орын алады. Балада кеңістікті бағдарлаудың төмендеуі, қозғалыс дағдыларын иемденудің бәсеңдеуі, тұлға күшінің нашарлауы, секіруде артта қалу, қозғалыстардың төмен қарқыны, қимыл-қозғалысты еске сақтаудың әлсіздігі байқалады.

Баланың есту қабілетінің бұзылуы оның айтылған сөздерді қабылдау, түсіну, есте сақтау және тағы да басқа көптеген танымдық қасиеттерінің дамуына теріс әсерін тигізеді. Осының салдарынан мектеп оқушыларының айналасындағылармен қалыпты қарым-қатынасы қиындайды, материалдарды меңгеруі шектеулілігі байқалады[9].

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балалардың танымдық және сөйлеу қызметінің ерекшеліктері қозғалыс талдағышының дамуында да өз ізін қалдырады және қимыл-қозғалыс

дағдыларының жеткілікті деңгейде игерілуіне, дененің қозғалыс қасиеттерінің дамуына әсерін тигізеді. Құлағы естімейтін баланың басқалармен сөйлесу қабілетінің бұзылуы қимыл-қозғалыстарды үйретуге қажетті әрекеттер мен дағдыларды суреттейтін ақпаратты қабылдауды да қиындатады[10].

Бейімдік дене шынықтыру білім мен ғылымның ірі үш саласын біріктіреді: дене мәдениеті, қалпына келтіру педагогикасы мен психологиясы және медицина. Сондықтан денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың дене тәрбиесімен айналысатын педагог-маманның бейімдік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесінен, балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы, спорт медицинасы, қалпына келтіру педагогикасы және психологиясы салаларынан теориялық-қолданбалы дайындығы терең, ал көру, есту, сөйлеу және т.б. қабілеттерінің бұзылулары мен оларды түзетудің және алдын алудың заманауи әдістерінен хабардарлығы жоғары болуы керек. Алайда, қазіргі кезде еліміздің дене шынықтыру және спорт саласындағы жаттықтырушы мамандар мен педагогикалық оқу орындарының бітіруші түлектерінің бейімдік дене шынықтырудың теориясы, әдістемелері және ұйымдастырылуы туралы білімдері өте жеткіліксіз, мүгедек балалармен жұмыс істеуге практикалық дағдылары қалыптаспаған[11]. Сондықтан, елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы жағдайында есту қабілетінің бұзылуымен байланысты оқушы балалардың бейімдік дене мәдениетінің теориялық және әдістемелік негіздерімен қаруландыру жоғарғы педагогикалық оқу орындары мен колледждерде білім алушы болашақ мамандарды дайындаудағы өзекті міндеттің бірі ретінде танылып отыр.

Біздің жұмысымыздан мақсаты – есту қабілетінен айырылған оқушы балалар тәрбиеленетін арнайы білім беру мекемелерінде бейімдік дене шынықтырудың педагогикалық-ұйымдастыру жағдайын зерттеп, саңырау оқушылармен бейімдік дене шынықтыру сабақтарын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктерімен мұғалімдер мен жаттықтырушыларды таныстыру болып табылады.

*Негізгі ережелер.* Қазіргі кезде денсаулығына байланысты мүгедектіктің басты себептерінің бірі болып отырған есту қабілетінің бұзылыстары бар балалар үшін елімізде бейімдік дене шынықтыру және спорт бағытын дамытуға айрықша көңіл бөлініп отыр.

Есту қабілеті нашарлаған балалардың денелік даму көрсеткіштері төмендеу, әрі кеңістікте дененің тепе-теңдігін сақтай алуы мен қимыл-қозғалыстарының дәлдігі, үйлесімділігі және жылдамдық-күштік қасиеттерінің кемшінділігі байқалады. Қозғалыс талдағышының функциональдық күйінің жеткіліксіздігі баланың кардио-респираторлық жүйесінің дамуына теріс әсер етіп, денелік жүктемелер берілген кезде жүректің соғуы мен тыныс алуының тез жиілеуіне әкеп соғады. Сондықтан есту қабілеті бұзылған оқушы балалардың бейімдік дене шынықтырумен және жеңіл атлетика, семсерлесу, шаңғымен жарысу, хоккей, спорттық би, теннис, жүзу және т.б. спорт түрлерімен шұғылдануы өте маңызды.

Біздің ойымызша, есту қабілетінің кемістігі бар оқушылардың бейімдік дене шынықтырумен және жоғарыда ұсынылған спорт түрлерімен шұғылдануын педагогикалық-ұйымдастыру тұрғысынан толық қамтамасыз ету келесі міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- білім беру: балада дене мәдениеті бойынша арнайы білім жүйесін қалыптастыру, түрлі қозғалыс дағдылары мен дене жаттығуларын үйрету;
- түзете-дамыту: денелік қасиеттері мен үйлестіруші қабілетін түзету және дамыту, қимыл-қозғалыстарды түзету, сенсорлық жүйелердің қызметін түзету;
- сауықтыру: дене сымбатын қалыптастыру, майтабандылық пен соматикалық аурулардың алдын алу, жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйесін нығайту;
- емдеу: созылмалы аурулар мен жарақаттардың салдарын емдеу, жоғалтқан функцияларын қалпына келтіру;
- спорттық – жас спортшының таңдаған спорт түріне қажетті физикалық, техникалық, тактикалық, психикалық және теориялық дайындығын жетілдіру;
- рекреациялық: оқушы баланың сабақтан тыс бос уақытын ұйымдастыру, демалыс және түрлі ойындар өткізу.

Зерттеу жұмыстарын орындау нәтижесінде Алматы қаласындағы саңырау оқушыларға арналған арнайы мектеп-интернатындағы бейімдік дене шынықтырудың педагогикалық-сауықтыру инфрақұрылымына жан-жақты сипаттама берілді. Аталған мекемеде бейімдік дене шынықтыру жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып, оқу-тәрбие процессін ұйымдастыруда заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдану нәтижесінде қамтамасыз етілетіні көрсетілді.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар оқушылардың бейімдік дене шынықтыру пәнінің бағдарламасының мазмұны «Бейімделген дене шынықтыруы туралы білім негіздері», «Гимнастика», «Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар», «Жеңіл атлетика», «Ұлттық және зияткерлік ойындар», «Шаңғы дайындығы», «Спорт ойындары» бөлімдерінен тұрады.

Есту қабілеті бұзылған балалардың бейімдік дене шынықтыруында келесі жаттығулар кешендерін қолдану ұсынылады: тыныс алу гимнастикасы; вестибулярлық жаттығулар; координациялық қабілеттерді дамытуға бағытталған жаттығулар; ритмикалық-иілімділік жаттығулары. Бейімдік дене шынықтыру сабақтарын аптасына үш рет өткізіп, оның біреуінде негізінен вестибулярлық ауытқуларды түзету мен тепе-теңдік функциясын дамытуға арналған жаттығуларды, ал екеуінде – баланың жылдамдық-күштік қасиеттерін дамытуға бағытталған жаттығуларын орындаған тиімді нәтиже береді.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу жұмыстары Алматы қаласындағы №1 есту қабілетін толық жоғалтқан балаларға арналған түзету мектеп-интернатында орындалды. Бұл мектеп-интернатта білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы жалпы білім мекемелері жүйесінің құрамында толық емес орта негізгі білім беруді қамтамасыз етеді.

Мектеп-интернатта саңыраулық себебінен мүгедек болған 123 оқушы бала тәрбиеленеді. Олардың басым көпшілігіне III және IV дәрежелі «нейросенсорлық саңыраулық» диагнозы қойылған.

Жұмысты орындау мақсатында төмендегі зерттеу әдістері қолданылды:

1) теориялық талдау – заманауи педагогикалық, әлеуметтік және медициналық әдебиет көздерінде, ресми құжаттарда өзекті мәселенің зерттелуін талдау және зерделеу;

2) эмпирикалық бақылау – есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға орта білім беретін арнайы мектеп-интернаттың педагогикалық ұжымының оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы іс-тәжірибесі мен медициналық-қалпына келтіру шараларының жүзеге асырылуын бақылап зерттеу және жинақталған ақпараттарды өңдеп, дәйектеу;

3) сараптама әдісі – мектеп-интернатта саңырау оқушылармен жүргізілетін бейімдік дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасына сараптама жасау.

Мектеп-интернаттығы оқу-тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты – саңыраулық себебінен мүгедек болған балаларға білім беріп, тәрбиелеу, олардың есту қабілеті мен сөйлеу қабілетінің кемістіктерін еңсеріп, орнын толтыру мақсатында арнайы көмек ұйымдастыру болып табылады. Сонымен қатар, саңыраулықпен байланысты психикалық дамуындағы бұзылуларды түзетіп, әрбір мүгедек баланың әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға №1 арнайы мектеп-интернатында білім беруде төмендегі міндеттерді шешу қойылған:

- оқушы баланың білім алуға компенсаторлық мүмкіндіктерін дамыта отырып, жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру;

- есту қабілетінің бұзылу ерекшеліктерін анықтап, ауызша және жазбаша тілін қалыптастыру және ым-ишаратпен сөйлесуге үйрету;

- баланың ойлау және танымдық қабілеттерін дамытудың негізі ретінде ғылыми және білім көздерін меңгерту;

- таңдаған мамандығы бойынша еңбектенуге қажетті дағдылар мен шеберлігін қалыптастыру.

Тәрбиелеу бағытында оқушыларды жалпы адамзаттық рухани және мәдени құндылықтарды меңгерген, туған елі мен жеріне адал, отанын сүйгіш патриот қазақстандық азамат

қалыптастыру міндеті жүйелі түрде жүзеге асырылады. Сонымен қатар мүгедек баланың шығармашылық қабілетін дамытып, саламатты өмір сүру салтының талаптарын күнделікті тіршілігінде ұстанып, дене шынықтырумен және әр түрлі спортпен айналысуға бейімділігін қалыптастыру міндеттері де атқарылады.

Аталған арнайы түзету мектеп-интернатында білім алып, тәрбиеленген оқушыларға мектепті аяқтаған соң мемлекеттік үлгідегі аттестат беріледі. Сонан соң мектеп-интернат түлектері оқуларын колледждерде жалғастырып, орта білім алады және белгілі бір мамандық бойынша кәсіби дайындықтан өтеді. Ары қарай өз таңдаулары бойынша қала кәсіпорындарында жұмысқа орналасып, толыққанды өмір сүріп кетеді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Есту қабілетінің бұзылуына байланысты денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы түзету мектеп-интернатына қалалық психологиялық және медициналық-педагогикалық Кеңестің шешімімен оқуға қабылданады. Мектеп-интернаттағы 20 сыныптың басым көпшілігінде (16 сынып) білім беру орыс тілінде, қалған 4-інде – қазақ тілінде жүргізіледі. Дайындық сыныбы мен 1-7 сыныптарда білім беру арнайы оқу бағдарламалары мен арнайы Оқу-әдістемелік кешендер негізінде жүргізіледі. Ал 8-11 сыныптарда жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламалары негізінде, сол сыныптарға арналған оқулықтарды қолданып жүзеге асырылады. Оқушылар мектепте бір ауысымда оқиды, сабақтың ұзақтығы – 40 минут. Педагогикалық Кеңестің шешімімен 1-6 сынып оқушылары аптасына 5-күндік режимде, ал 7-11 сынып оқушылары – 6-күндік режимде білім алады.

Білім беру мекемелерінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге жасалған жағдайлар мүгедек балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының қалыптасуында маңызды роль атқаратындығы белгілі. Мектеп ортасының жағдайы білім алушы балалардың денсаулығы мен аурушандық көрсеткіштеріне әсер ететін көптеген факторлардың ішінде 30%-ын құрайды. Гигиеналық тұрғыдан толыққанды сипатталатын білім беру ортасы мектеп-интернаттың материалдық және санитарлық жағдайымен анықталады.

Біздің зерттеу жұмыстарымыз орындалған мектеп-интернаттар бірнеше блоктан тұратын жеке ғимаратқа орналасқан. Блоктар бірімен бірі жылытылған дәліздермен жалғастырылған. Мектеп-интернаттың ғимараттары санитарлық-гигиеналық талаптарға сай екі қабаттан тұрады, себебі мүгедек балалардың физикалық дамуындағы кемістіктері, қимыл-қозғалыстың үйлесімсіздігі қабаттан қабатқа көтеріліп-түсуге, интернаттың бір бөлігінен екінші бөлігіне өтуде қиындықтар тудырады. Ғимараттың құрамындағы оқу-тұрғын және жалпы-мектептік бөлме-жайлары топтастырылып бөлек блоктарда орналасқан. Оқу-тұрғын мақсатындағы топқа оқу бөлмелері (сыныптар), демалыс бөлмелері (рекреациялық және қонақтарға арналған бөлме), жатын бөлмелері, санитарлық бөлмелер, киім мен аяқкиімдерді тазалайтын бөлме, кезекші тәрбиешінің бөлмесі, қосалқы және басқа да жайлар жатады. Сонымен қатар жалпымектептік оқу бөлмелері мен зертханалар, оқушыларды еңбекке баулу мен кәсіби дағдыларды меңгеруге арналған кабинеттер, дене шынықтыру залы, жиналыс өткізуге арналған үлкен бөлме, ас дайындау блогымен оқушыларды тамақтандыру залы, мектеп кітапханасы, түрлі үйірмелер өткізуге арналған бөлмелер, арнайы медициналық-сауықтыру кабинеттері және әкімшілік-шаруашылық блогына қарасты бөлмелер қарастырылған.

Мектеп-интернатта да оқу бөлмелерінің ауданы 1 оқушы балаға шаққанда талапқа сай жеткілікті шамада – 2,5 кв.м. Оқушыларға жеке қосымша кеңес беру сабақтарын өткізу үшін жасақталған бөлмелер, арнайы ритмикалық дайындық сабақтары мен жаттығулар жасауға арналған залы да бар. Зал гимнастикалық және хореографиялық қабырғалармен жабдықталған және бір қабырғасына үлкен айна бекітілген. Айна балалардың жаттығуларды орындау барысын бақылауға мүмкіндік береді. Оқушылармен жеке дара сабақтар өткізетін бөлмелердің ауданының шамасы талапқа сай жеткілікті (бір оқушыға 4,0 кв.м. келеді). Есту қабілетінің кемістіктері бар оқушылармен жеке сабақтар өткізуге арналған оқу бөлмелерінде бірорындықты парталар қойылған, олар жеке пульттермен (микрофон жиынтығы, есту

құралы) жабдықталған. Мұғалімге арналған үстел басқару пультімен (күшейткіш құрал және комутатор) жабдықтылып, әрбір оқушы орындарымен байланыстырылған. Оқушыларға білім беру барысында арнайы құралдар мен сурдопедагогикада қабылданған әдістемелер қолданылады. Барлық оқу кабинеттері арнайы стационарлы дыбыскүшейткіш «Унитон» аппаратымен жабдықталған. «Унитон» аппаратын жекеленіп те (есту кабинетінде), бүкіл сынып болып та (6 оқушыға арналған) пайдалануға болады. Оқу кабинеттерінде оқушылармен сабақ өткізуге арналған арнайы компенсаторлық-дамытушы және интерактивті құрал-жабдық қойылған. Мектепте осындай құралдармен 54 пәндік кабинет жабдықталған.

Мүгедек оқушылар тәрбиеленетін мектеп-интернаттың оқу сыныптары, рекреациялық және жатын бөлмелері балалардың күшін сақтап, демалуға, уақытын үнемдеу және тәрбиеші ұстаздардың балаларға қарауын жеңілдету үшін бір-біріне жақын, жапсарлас орналасқан.

Арнайы мектеп-интернатта тәрбиеленуші мүгедек оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту инфрақұрылымының құрамына спорт залы, емдік дене шынықтыру кабинеттері және тренажерлармен жабдықталған гимнастика залы кіреді. Спорт залы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан және одан жеке жол арқылы сырттағы спорт алаңына шығуға болады. Спорт залының ауданы есту қабілетін жоғалтқан балаларға арналған түзету мектеп-интернаттың – 162 кв.м.

Спорт залына жапсарлас оқушылар шешінетін және душ қабылдайтын бөлмелер, әжетхана, оқытушыға арналған бөлме бар. Мүгедек балалар үшін әжетхана арнайы сүйеніп, тұруға көмектесетін тіренішпен жабдықталған және памперстерді ауыстыруға мүмкін болатын жағдай қарастырылған. Барлығы оқушылар дене шынықтыру сабағына келген соң, сабақ басталғанда көңіл-күйі бұзылмау және спорт залының тазалығын сақтау үшін бөгде адамдармен кездеспейтіндей орналасқан. Спорт залдағы ауаның температуралық режимі тұрақты, шамамен 15-22°C құрайды.

Дене шынықтыру сабақтарын таза ауада өткізу үшін мектеп-интернаттың ғимаратының қасындағы ашық алаңда орналасқан стадион қолданылады. Спорт залы мен стадионында оқушылардың қатысуымен ірі спорттық-сауықтыру шаралары да өткізіледі.

Саңырау балалардың психикалық дамуында ерекше ауытқулардың байқалатындығы белгілі жайт. Осыған байланысты, арнайы мектеп-интернатта тәрбиеленуші оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту жүйесінің маңызды құрамдас бөлімі психологиялық түзету қызметі болып табылады. Мүгедек баланың психикасындағы ауытқуларды түзету алдында психолог маман психодиагностикалық тексеру жүргізеді. Оның нәтежиелері баладағы психикалық бұзылулардың сипаты мен ауырлығын анықтап, түзету жолдары мен әдістерін анықтауға мүмкіндік береді. Мүгедек балалармен психологиялық түзету іс-шараларын жүргізу үшін мектеп-интернатта психокоррекция қызметі жұмыс істейді. Психокоррекция қызметінің жалпы ауданы – 55 м<sup>2</sup>, екі кабинеті бар. Онда педагог-психологтардың өз қызметтерін атқаруына және балалардың түрлі ойындар ойнап, сурет салып, демалуына жағдай жасалған.

Біздің зерттеу жұмыстарымыз орындалған мектеп-интернатта есту қабілетінің бұзылыстары бар оқушылармен дефектолог-мамандар да арнайы сабақтар өткізеді. Бұл сабақтардың әдістемелік негізін итальяндық педагог, ойшыл-ғалым Мария Монтессори ұсынған педагогикалық жүйе құрайды. Әлемнің 146 мемлекетінде кең қолданысқа ие болған М.Монтессори әдістемесінің басты мақсаты – баланы еркін орта жағдайында тәрбиелеу, оның бойында өзінің өмірлік мақсаты бар екені туралы сенім қалыптастыру, өзін оқып-үйрену мен дамытуға ынталандыру болып табылады[12].

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін алдымен баланың жеке басының қабілетін көрсете алатын және көрсетуге ұмтылатын арнайы Монтессори ортасын құру ұсынылады. Педагог өзін сабырлы кейіпте ұстап, барынша психологиялық жайлы орта қалыптастырып, сабақ барысында балаға орындалатын жұмыс түрін таңдау еркін береді. Бала негізгі түстерді ажырата білуді үйренеді, бастапқы математикалық, ғарыштық түсініктерді қабылдайды, ұсақ

моторикасын дамытатын жаттығулар орындайды. Мұғалім балаға өз жұмысын басқаруға көмектесіп, тәртіпке үйретеді.

Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру мекемелеріндегі оқушылар денсаулығын сақтау мен нығайту инфрақұрылымының маңызды компоненті – медициналық реабилитациялау бөлімінің кабинеттері санитарлық-гигиеналық талаптарға сай толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрігер-педиатр мен медбикелер жұмыс істейді. Медицина қызметкерлерінің мектеп-интернаттарда тәрбиеленуші мүгедек балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жүйесінде алатын орыны ерекше. Дәрігер-педиатр балаларды тексеруден өткізіп, қажет болған жағдайда дәрі-дәрмектермен, дәрумендік препараттармен жалпы нығайту ем-шараларын тағайындайды. Медициналық реабилитациялау бөлімінде балаларға емдік дене шынықтыру, массаж, парафинмен емдеу сияқты әдістер қолданылады. Емдік дене шынықтыру жаттығулары денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қозғалыс функцияларын жақсартып, бұлшық еттердің күші мен төзімділігінің қалпына келуіне, қимыл-қозғалыстардың үйлесімділігін түзетуге, эмоциональдық жағдайының дұрысталуына жәрдемдеседі.

Сонымен, Алматы қаласындағы №1 есту қабілетін толық жоғалтқан балаларға арналған түзету мектеп-интернатында тәрбиеленуші балаларды толыққанды, қоғамға пайдалы білімді азамат ретінде оқытып, тәрбиелеу мен денсаулығын нығайтудың қазіргі уақыттағы озық технологияларын қолдануға толық жағдай жасалған. Осы инфрақұрылымды тиімді пайдаланып, бейімдік дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологияларын денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісіне белсенді түрде енгізу қажет.

Арнайы дене жаттығуларымен және бейімдік спорт түрлерімен шұғылдану саңырау баланың қозғалыс саласындағы осы кемшіліктерін түзету мен орнын толтыруда және организмнің функциональдық мүмкіндіктерін арттыруда маңызды роль атқарады. Сондықтан, қазіргі кезде бұл санаттағы денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың бейімдік дене шынықтыруына зор мән берілуде.

Есту қабілетінің бұзылыстары бар балалардың бейімдік дене шынықтыру сабақтарына кірісер алдында арнайы сауалнама жүргізіп, баланың дене жаттығулары мен спорт түрлеріне қызығушылығы мен таңдауы анықталады. Сонан соң дене шынықтыруымен және спортпен шұғылдануға медициналық тұрғыдан көрсетімдер, қарсы көрсетімдердің бар-жоқтығы тексеріледі, мектеп-интернат дәрігерінің денсаулығына байланысты ұсыныстары ескеріліп, дене қасиеттерінің даму деңгейін бағалау жүргізіледі.

Есту қабілетінің бұзылуымен байланысты функциональдық ерекшеліктерді есепке ала отырып, жылдамдықты, үйлестіруді және кеңістіктік-уақыттық байланыстарды қалыптастыру дағдысын зерттеуге тереңдеу мән беру қажет. Осы мақсатта 30 метр қашықтыққа жүгіру, бір орныннан ұзындыққа секіру, салмағы 1 кг шамасында болатын нығыздалған допты аяқтарды екі жаққа жіберіп отырған бастапқы қалыптан екі қолмен бастан асыра лақтыру, динамометрия әдісімен қолдың білек күшін өлшеу сияқты тез орындалатын тесттер қолданылады. Осы тестердің нәтежиелерін талдап, дене шынықтыру оқытушысы мүгедек балалардың жас тобына, жынысына, денсаулығының ерекшеліктері мен денелік дайындығына қарай бейімдік дене шынықтыру сабағында беретін жүктемені мұқият мөлшерлейді.

Күзгі және көктемгі мерзімде мүгедек оқушылармен бейімдік дене шынықтыру сабақтары міндетті түрде мектеп-интернаттың спорттық залында немесе спорт алаңында өткізіледі. Ал қыс айларында ауа температурасы  $-10^{\circ}\text{C}$ -ден төмен болмаса сабақтарды ашық ауада өткізуге болады.

Бейімдік дене шынықтыру сабақтары өткізілетін залды дыбыс күшейткіш аппаратурамен және қажетті спорт құралдарымен толық жабдықтау керек.

Мектеп-интернатта саңырау оқушылармен жүргізілетін бейімдік дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасы бірнеше бөлімнен тұрады:



- Бейімделген дене шынықтыруы туралы білім негіздері;
- Гимнастика;
- Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар;
- Жеңіл атлетика;
- Ұлттық және зияткерлік ойындар;
- Шаңғы дайындығы;
- Спорттық ойындар.

Бағдарламаның «Бейімделген дене шынықтыру туралы білім негіздері» бөлімінде дене шынықтыру оқытушысы балаларды сабақтарды өткізудің тәртіп сақтау Ережелері және қауіпсіздік техникасы негіздерімен, оқушының жеке бас гигиенасына қойылатын талаптармен таныстырады.

Бағдарламаның «Гимнастика» бөлімі дененің тұрақтылығын сақтау және қозғалыстардың дәлдігін дамытуға арналған жаттығуларды, тұлға сымбатын дұрыс қалыптастыруға және тірек-қимыл аппаратының жиі кездесетін бұзылыстары – омыртқа бағанасының қисаюы (сколиоз) мен жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар, өрмелеу және асып түсу, құралдармен орындалатын жаттығуларды, дем алу жаттығуларын қамтиды.

Келесі «Кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған қозғалмалы ойындар» бөлімінде оқушылар дененің тепе-теңдігі мен қозғалыстар үйлесімділігін дамытуға бағытталған, түрлі кедергілерден өту және кеңістікті бағдарлауды дамытатын ойындармен айналысады.

«Жеңіл атлетика» бөлімінде оқушылар үдемелі қозғалыстармен (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру) жүзеге асатын жаттығуларды орындайды.

«Ұлттық және зияткерлік ойындар» бөлімі балаға асық ату, тоғыз құмалақ, дойбы, шахмат ойындарын үйретіп, оқушылар арасында осы ойындардан жарыстар ұйымдастырып, өткізу шараларын қарастырады.

«Шаңғы дайындығы» бөлімінде шаңғымен жүру адымдарын бекітуге арналған жаттығулар, жылдамдық пен шыдамдылықты дамытуға арналған жаттығулар орындалады.

«Спорт ойындары» бөлімі бойынша оқушыларды футбол, баскетбол, волейбол және үстел теннисі сияқты ойындарға тарту қажет.

Есту қабілеті бұзылған балалардың бейімдік дене шынықтыруында келесі жаттығулар кешендерін қолдану ұсынылады:

- тыныс алу гимнастикасы;
- вестибулярлық жаттығулар;
- координациялық қабілеттерді дамытуға бағытталған жаттығулар;
- ырғақтық-иілімділік жаттығулар.

Тыныс алу гимнастикасының мақсаты – баланың тыныс алу үрдісінің сипаты мен ұзақтығын ерікті басқару, оқушыны тиімді тыныс алу дағдыларына үйрету. Саңырауларда дем шығарудың қорлық көлемі, өкпеде оттегіні пайдалану коэффициенті сияқты көрсеткіштері аз болуымен сипатталады. Ал, тыныс алу жаттығулары ағзада дем алу және дем шығаруды реттеу механизмдерін, орталық жүйке жүйесіндегі тыныс алу орталығының жұмысын жақсарту негізінде дұрыс тыныс алуға үйретуге мүмкіндік береді. Бала мұрын арқылы ішке дем алып, ауыз арқылы сыртқа дем шығару, ұзартылған дем шығаруды игереді, жеңіл тыныс алуды терең дем алып, дем шығаруға ауыстыра алуды мүмкін етеді.

Вестибулярлық жаттығулар бала ағзасындағы тоникалық және вегетативтік рефлексдерді азайтып, тепе-теңдік сезімін қалыптастырады, вестибулярлық функциялар үшін тиімсіз жағдайларда дәл үйлестірілген қимылдарды дағдыландырады. Сонымен қатар, дене мүсінінің дұрыс қалыптасып, шындалуына ықпал етеді. Вестибулярлық функцияны түзету жаттығуларын баланың ерте жасынан бастап қолдану нәтижелі болатыны дәлелденген. Вестибулярлық функцияны жаттықтыру әдетте 2-3 айға созылады. Жүктемелер біртіндеп әр сабақта және сабақтан сабаққа қиындығы өспелі түрде артып отырады.

Координациялық қабілеттерді дамыту жаттығулары көру, вестибулярлық және кинестатикалық қабылдауларды дамытады, бағыттар мен қашықтықтарды ажырату жақса-рады, қозғалыс уақытын бағалау және оны саралау қабілетін арттырады.

Бірғақтық-иілімділік жаттығулар жүректің жиырылу ырғағына және моторлық рефлекс-терді үйлестіруге қолайлы әсер етеді, қозғалыс әрекеттерінің дәлдігі мен ептілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Есту қабілеті бұзылған балаларды күнделікті өмірде маңызды әрі жиі қажет болатын жылдамдық-күштік сипаттағы қозғалыстарды (жүгіру, секіру, лақтыру, т.б.) дұрыс және сенімді орындауға үйрету қажет. Жылдамдық-күштік бағыттағы жаттығуларды мақсатты пайдалану саңырау баланың дене сапаларының даму деңгейін арттыру үшін де, координациялық қабілетін түзету үшін де қолайлы алғышарттар жасайды. Дене шынықтыру сабағында оқушының жылдамдық-күштік қасиеттерін дамыту құралдары жүгіру, секіру, лақтыру, салмағы 0,5-1 кг нығыздалған доптармен жаттығулар, волейбол, теннис болып табылады. Нығыздалған доптармен жаттығулар кешенін жұп болып орындаған тиімді. Допты жоғарыдан, төменнен, кеудеден, серкітес оқушыға арқамен тұрып, отыру қалпынан, кеуде мен арқаға жатып, бастапқы тұру және отыру қалыптарынан аяқпен лақтыру жаттығуларын орындатудың оң әсері мол.

Сонымен, есту қабілетінің бұзылыстары бар балалардың бейімдік дене шынықтыруын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін қорытындылай келе, мұғалімге бұл санаттағы мүгедек оқушылармен сабақтарды өткізу бойынша арналған нұсқауларды ұсынамыз:

- Нашар еститін балалармен тілдесу әдістерін (ауызша әдіс – еріннен оқу, ымдау тілі) жеткілікті меңгеріп, ауызша әдіс пен ымдау тілін үйлестіре тілдесуді үйрену қажет.

- Саңырау баламен сабақ барысында жеке қарым-қатынас жасау үшін көру байланысын сақтап, ым-ишаратпен толықтыру үшін қалам-қағаз пайдаланған жөн.

- Қашықтықта сөйлесу үшін жақсы ажыратылатын және оңай көрінетін сигналдарды пайдаланған жөн, ал оқушыға еріннің қозғалысы мен бет көрінісі жақсы көрінетіндей қалыпта тұру керек.

- Әрбір мүгедек баланың есту қабілетінен айырылуға әкеп соқтырған себебін, оның физикалық дамуы мен қозғалыс қасиеттерінің ерекшеліктерін жақсы білу.

- Мүгедек балаларды сабақ өту кезінде сақтауға міндетті қауіпсіздік ережелерімен мұқият таныстыру.

- Балаларды түрлі қимыл-қозғалыстарға үйретудің негізгі тәсілі – сабақ басталар алдында көрнекі оқу материалдарын пайдаланып түсіндіру және дене жаттығуларының қалай орындалатынын көрсету болып табылады.

- Сабақ басталар алдында баланың тепе-теңдік сақтау қабілетін бағалау керек. Тепе-теңдік сақтау қабілетінде ауытқулар болса, оны жақсарту үшін жаттығуларды қолдану қажет.

- Тепе-теңдікті сақтау қабілетінің бұзылуымен байланысты бас айналу байқалса, оқушының жаракат алу мүмкіндігін болдырмау үшін қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажет

- Балаға сабақ өту барысында орындауға ұсынылатын дене жаттығулары мен спорт түрлерін таңдағанда оның психофизикалық және қозғалыс қабілеттерінің жай-күйіне сәйкестігін ескерген жөн.

- Әр сабақтың басында бағдарламада қарастырылған спорт түрінде жасайтын қимылдар туралы балаға түсінікті тілде баяндап беру керек.

- Арнайы түзету жаттығуларын жалпы дамытатын және профилактикалық жаттығулармен кезектестіріп отыру.

Дене шынықтыру оқытушысы мүмкіндігі шектеулі балалармен дене тәрбиесі сабағын, көбіне, олардың жанына жақын болып келетін ойындар түрінде өткізудің тиімділігін білгені жөн, себебі балалардың эмоциялық көңіл-күйі көбінесе ойын және қимыл-қозғалыс әрекетінде көрініс табады. Ойынның психологиялық-педагогикалық негіздемесі ретінде бала жаны сезімдерінің басымдылығы, оны айқындаудың еркіндігі, ұтса шынайы қуанып, күлу, мәз болу,

ал ұтылса ренжу, қапалану немесе жылау сияқты эмоционалдық аяда көрініс беретін сезімдік толқыныстары болып табылады. Бұл үдерістің құпиясы балалардың психо-физиологиялық ерекшелігі аясында жатыр. Шынымен де, егер бала қозғалыссыз қалыпта ұзақ уақыт бойы қалса, онда организм қозғалысқа деген қажеттілігін сезіне бастайды да, еш бір мақсатсыз түрлі сипаттағы қимылдар жасай бастайды: жүгіреді, секіреді, жұлмаласа итереді, т.б.

Дене шынықтыру сабақтарында балалардың эмоциялық көңіл-күйін ерекше күшейтетін ойындардың ішінде секіріп ойнауды, қуып жетуді, ұстап алуды әртүрлі нұсқаларымен қолдану тиімді. Қатысушы балаларды ширақ қимылға тарта отырып, бұндай ойындар жас ағзадағы қан айналымын жақсартып, тыныс алуды тереңдетеді, құрсақ қуысындағы, бас сүйегі мен аяқтағы қанның үю үрдісіндегі теріс құбылыстарды жоюға көмектеседі. Сонымен қатар, сабақ өткізу барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында арт-терпиялық әр түрлі әдістерді қолдану да аса маңызды.

**Қорытынды:** 1) Бейімдік дене шынықтыру есту қабілеті бұзылған балалар ағзасының физикалық және психикалық қасиеттерін барынша дамытып, арнайы білім беру, қозғалыс дағдылары мен машықтарының кешенін қалыптастыруға бағытталған денелік, психикалық және әлеуметтік бейімделудің өте тиімді амалдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

2) Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп-интернатта оқу-тәрбие үрдісі мүгедек баланың білім алуға компенсаторлық мүмкіндіктерін дамыта отырып, жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру мен денсаулығындағы кемшіліктің салдарын түзетуге бағытталған педагогикалық және медициналық оңалту жүйесі ретінде ұйымдастырылып, бейімдік дене шынықтыру-сауықтыру инфрақұрылымымен толық қамтамасыз етілген.

3) Қазіргі кезде есту қабілетінің бұзылуымен байланысты денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арнайы білім беру мекемелерінде бейімдік дене шынықтыру жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып, бейімдік дене тәрбиесі құралдары кешенін (тыныс алу гимнастикасы, вестибулярлық функция мен координациялық қабілеттерді дамытатын жаттығулар, ырғақтық-иімділік жаттығулары, жылдамдық-күштік бағыттағы жаттығулар) тиімді қолдану нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

4) Есту қабілетін жоғалтқан балалар тұлға күшінің төмендеуі, қозғалыс дағдыларын иемденудің бәсеңдеуі, дене қозғалыстарының тиімсіз үйлестірілуі және төмен қарқынымен, қимыл-қозғалыс есінің нашарлауымен, вестибулярлық және қозғалыс талдағыштарының функционалдық жеткіліксіздігімен ерекшеленеді, бұл олармен бейімдік дене шынықтыруды ұйымдастыруда ескерілуі керек.

*Алғыс. Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған Алматы қ. №1 мектеп-интернат әкімшілігіне, мұғалімдері мен дәрігер-мамандарға зерттеу жұмыстарын орындауға көрсеткен көмектері үшін алғысымызды білдіреміз.*

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдеде бекітілген № 228-V Заңы /<https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z1400000228>

2. Евсеев С.П. Теория и организация адаптивной физической культуры: учебник. 2-е изд., стер. // Москва. – Издательство "Спорт-Человек", 2020. – 616 с.

3. Марчибаева У.С., Тоқтарбаев Д.Г., Стоцкая Е.С. т.б. Бейімдік дене шынықтыру және спорт. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, баспа, 2019. – 408б.

4. Өтемұрат О. Ерекше балаларды бейімдік спорт шыңдайды // *Egemen Qazaqstan*, 06 қазан, 2020. Мақала адресі: <https://egemen.kz/article/251157>.

5. Kohl H.W., Craig C.L., Lambert E.V., Inoue S., Alkandari J.R., Leetongin G. Lancet Physical Activity Series Working Group // *The Pandemic of physical inactivity: Global action for public health. The Lancet*. – 2012. – №380 (9838). – P. 294-305.

6. World Health Organization. Deafness and hearing loss. Fact sheets, 27 February 2023// URL: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/deafness-and-hearing-loss>

7. Бигалиева Г. Алматыда есту қабілеті бұзылған 10 мыңнан астам адам тұрады./ <https://kz.kursiv.media/kk/2022-10-06/almatyda-estu-abileti-b-zyl-an-10-my-nan-astam-adam-t-rady/>

8. Анатомия, физиология и патология органов слуха и речи: Учеб. для студентов высших педагогических учебных заведений // Под ред. В. И. Селиверстова // Москва. – Издательство «ВЛАДОС», 2001. – 224 с.

9. Усенова М.Э., Жиенбаева Н.Б. Есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ, «Педагогика ғылымдары» сериясы. - 2020. – №2(66), б. 362-366.

10. Тимошенко И.В. Особенности речевого развития младших школьников с нарушениями слуха в разных условиях обучения // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Санкт-Петербург: Типография РГПУ им. Герцена. – 2006. – 22с.

11. Күшнарарова К.Е. Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімдік дене шынықтыруын педагогикалық-ұйымдастыру ерекшеліктері (Магистрлік диссертация). Ғылыми жетекшісі – м.ғ.д., профессор Балгимбеков Ш.А. // – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – 2021. – 84 б.

12. Конкаева О.Б., Жолаева Қ.М. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында М.Монтессори әдістемесін қолдану // – Атырау, 2018. -70б.

#### References:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Dene шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдеде бекітілген № 228-V Заңы /<https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z1400000228> Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдеде бекітілген № 228-V Заңы /<https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z1400000228>

2. Evseev S.P. Teoriia i organizatsiia adaptivnoi fizicheskoi kultury: uchebник. 2-e izd., ster. // Moskva. – Izdatelstvo "Sport-Chelovek", 2020. – 616 s. Syzdykova S.J., Marchibaeva U.S. Razvitie adaptivnoi fizicheskoi kultury v Qazaqstane na sovremennom etape // Materialy I Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii «Adaptivnaia fizicheskaiia kultura i sport: sostoianie i perspektivy razvitiia», 19-20 sentyabria 2019 g. – Nur-Sultan. – s.53-57.

3. Marchibaeva U.S., Toqtarbaev D.G., Stotskaia E.S. t.b. Beimdik dene шынықтыру және спорт. Oqu quraly // Nür-Sülтан. – L.N. Gumilev atyndaғы Euraziia ülttyq universitetiniñ baspasy, 2019. – 408 b.

4. Ötemürat O. Erekshe balalardy beimdik sport шындайды // Egemen Qazaqstan, 06 qazan, 2020. Maqala adresi: <https://egemen.kz/Article/251157>.

5. Kohl H.W., Craig C.L., Lambert E.V., Inoue S., Alkandari J.R., Leetongin G. Lancet Physical Activity Series Working Group // The Pandemic of physical inactivity: Global action for public health. The Lancet. – 2012. – №380 (9838). – P. 294-305.

6. World Health Organization. Deafness and hearing loss. Fact sheets, 27 February 2023 // URL: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/deafness-and-hearing-loss>

7. Bigaliev G. Алматыда есту қабілеті бұзылған 10 мыңнан астам адам тұрады./ <https://kz.kursiv.media/kk/2022-10-06/almatyda-estu-abileti-b-zyl-an-10-my-nan-astam-adam-t-rady/>

8. Anatomia, fiziologiya i patologiya organov sluha i rechi: Ucheb. dlia studentov vysşih pedagogicheskikh uchebnyh zavedenii // Pod red .V. I. Seliverstova // Moskva. – Izdatelstvo «VLADOS», 2001. – 224 s.

9. Usenova M.E., Jienbaeva N.B. Estu qabileti zaqymdalğan bastauyş synyp oquşylarynyñ әleumettik belsendiligin damyту joldary // Abai atyndaғы QazŪPU-ñ HABARŞYSY, «Pedagogika ғылымдары» seriasy. - 2020. – №2(66), b. 362-366.

10. Timoshenko I.V. Osobennosti rechevogo razvitiia mladshih shkolnikov s narusheniiami sluha v raznyh usloviiah obuchenii // Avtoferat dissertatsii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk. – Sankt-Peterburg: Tipografiia RGPU im. Gertsena. – 2006. – 22s.

11. Kushnazarova K.E. Densaulyginin mumkindigi shekteuli balalardin beyimdik dene shynychtiruin pedagogical-uimdaytyru ereksheleicteri: magistrlik dyssertacia. Gylymi jetekshisi – m.g.d., professor Balgimbekov Sh.A. // – Алматы: Abai Kazakh ulttykh pedagogical university. – 2021. – 84b.

12. Konkaeva O.B., Jolaeva Q.M. Mektepke deiingі bilim beru üiymdarynda M.Montessori әdistemesin qoldanu: әdistemelik nusqaulыq // – Атырау, 2018. -70b.